



БАЛАУСА

«Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллект емес ...»
Мұхтар Әуезов

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназия оқушыларына таратылатын газет, №1-2 қараша, 2011-2012 оқу жылы, /тоқсанында бір рет шығарылады/

Біздің аударымымыз:

Қоғамдық жаңалықтар
Мәдениет жаңалықтары
Әдебиет жаңалықтары
Спорт жаңалықтары



Әлқисса:

Мектеп жаңалықтары:

- 2010 жылы желтоқсан айында білім ордамыз «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназия» статусына ие болды
- 22 қыркүйек Қазақстан Республикасы халықтарының мерекесі аясында «Тіл – ұлттың жаны, халықтың үні» атты кеш өткізілді
- Киелі Баянауыл өңірінің тумасы, ақын, фольклортанушы – М.Ж. Көпеевтің ауылына барып, оқушыларымыз әулие атамыздың басына тағзым етіп қайтты
- Ұлағатты ұстаздарымыз мектебіміздің биылғы бітіруші түлектері 11-сынып оқушыларының арнайы ұйымдастырған «Ұстаз – мектептің жүрегі» атты кеште зор құрмет пен арнайы сыйлықтарын иеленді
- «Қарттар күні» мерекесі аясында 6 қазанда гимназия атынан қаламыздағы барлық қарттар арнайы сыйлықтар мен «Қариялы ел – қазыналы ел» атты кешіміздің қонағы болып, зор қуанышқа кенелді
- Жасөспірімдер арасында өткізілген облыстық олимпиада да 8-сынып оқушысы Қабылда Әлібек III орынды иеленді
- Жас ғалымдар арасында өткізілген «Туған өлкені тану ғылымға жетелейтін жол» атты ғылыми-практикалық конференцияда 7-сынып оқушысы Ибрайкина Айсара I орынды жеңіп алды



«Бұл мектеп – Біздің «Дарынды бала» 2-бет



«Тіл – хал « «Тіл ұлтың халықтың 4-мамандандырылған 4-бет» шығаруы қоңырау соғылды. 3-бет



«Дарынды балалар ордасы» 1-бет



Қоғамдық, Жасандылықтар

«Мектеп – кеме, білім - теңіз»

(Халық нақылы)

«Бұл мектеп – дарындылар ордасы»

Бүгінгі өскелең ұрпақ – білімді, әрбір істе шебер, өзінің ойын айқын жеткізетін арғымақ атқа мініп, тау көтерген, Мағжанша айтсақ, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, жігерлі болып өсіп келеді. Ендеше, бұндай жастар – біздің де мектеп қабырғамызда бар. Ал, мектептің дамуы мен оқушылардың жаңа сатыға көтеріліп, шындалуына ұстазбаен қатар шебер еңбек ететін әрине, мектеп директоры. Ендігі кезекті гимназияның бүгінгі күнге дейін дамуына тікелей қатысып, ерен еңбегімен танылған каламыздың құрметті ұстазы – Сламбекова Рымкеш Хамитқызымен болған сұхбатымызбен сабақтайық.



—Қайырлы күн, Рымкеш Хамитқызы! Сізді гимназияның 10 жылдығымен және “Дарын балаларға арналған мамандандырылған гимназия” статусын алғанымызбен шын жүректен құттықтаймыз! 10 жыл ішінде гимназияны облыстың дарынды 13 мектебінің қатарына қосуда сіздің еңбегіңіз ерекше. Осы орайда, оқушылар мен ұстаздардың және ата-аналардың сізге деген алғысы шексіз. Сізге қояр бірнеше сауалымыз бар еді, ой бөлісіп отырсақ.

—Гимназияның құрылуы туралы айтып берсеңіз. Жалпы шағын ғана қаламыздағы қазақ тілді мектептердің қатарына гимназияның қосылуы өз кезінде қалай қабылданды?

—2000 жылдан бастап, гимназияның алғашқы баспалдағын біз №1 мектептен бастадық. Эксперимент алаңы ретінде біз бастауыш сыныптан балаларды іріктедік. 1997 жылы гимназия статусын алғаннан соң, жеке ғимарат керек болды. Сондықтан қала әкімшілігіне шығып, 2000 жылы гимназия осы ғимаратқа жеке шаңырақ құрып шықты. Содан бері, міне, арада 10 жыл өтті. 10 жыл өткен соң ғана біз “Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназия” статусын алдық. Бұл – қаламыздағы айтулы жаңалық, мақтанарлық іс. Жарқын болашаққа жетелер жаңа қадам.

—Рахмет. Енді мектебімізге берілген «Дарын» статусы бізді қандай дәрежеге жеткізді, сол жөнінде айта кетсеңіз?

—Бұл - бізді жаңа мінберге, биік дәрежеге жеткізеді, жеткізуі де керек деп кесіп айтуға болады. Себебі, биыл ғана ашылдық. Біздің басты мақсатымыз – интеллигенттерді дайындау. Республика, облыс, көлемінде жаңа интеллектуалды мектептер ашылып жатыр. Бұл – үлкен қуанарлық жағдай, өйткені Павлодарда биылғы жылы интеллектуалды жаңа мектеп өз есігін айқара ашпақ. Осы мектепте біздің балалар білім алуға тиіс. Одан кейін “Болашақ” бағдарламасы бойынша балаларға жақсы білім алу керек, сондықтан дарынды балаларды іріктеп алып, осындай жеке мектепте, жеке оқыту жоспарланып жатыр. Оның ерекшелігі - оқу бағдарламасында болсын, жұмыс барысында болсын айрықша. Біріншіден, сыныптағы оқушылар саны 20 оқушыдан аспауы керек. Екіншіден, оқушылар оқу барысында математикалық және гуманитарлық бағыт бойынша бөлінеді. Мысалы, математикалық бағытта — физика, математика,

биология, география пәндері оқытылады. Оның басты мақсаты - балалардың сол пәндерге деген құлшынысын оятып, қосымша әдебиеттер оқуға мүмкіндік беру. Әрбір дарынды балаға оқу жоспарында төрт жарым сағат қосымша бөлінді. Онымен қоса, жоғары оқу орынындағы ғалымдармен жұмыс жасауға жағдай жасалып отыр. Міне, оқушыларға осындай жағдайлардың жасалуы - оқимын, жаңа сатыға көтерілемін деген интеллигентке беріліп отырған зор мүмкіндік.

—Бүгінгі күнде қандай жетістіктеріміз бар?

—Оқушылардың олимпиадаға қатысуы, жобалар жазуы бұл да бір жетістік. Алғашқы оқу бітірген оқушыларымыз қазіргі кезде магистратураны тамамдап жатыр. «Алтын белгі» иегерлері өздерінің деңгейлерін дәлелдеп, грантпен оқуға түсуде. Жалпы енді, бұл шөмшектеп жиналған нәтиже. Енді талай белестерді бағындырамыз деген ойдамын. Ол үшін әр оқушы күнделікті сабаққа дайындалып, әрдайым ізденіс үстінде болуы керек. Гимназияны ашуға мені жетелеген үлкен патриоттық сезім. Алдымызға мақсат қойып, сол мақсатқа жеттік деп ойлаймын.

—Оқырмандарға жүрек жарды ақ тілегіңізді арнасаңыз.

—Оқырмандардың оқуда үлкен жетістікке жетулеріне тілектеспін. Әрдайым ізденіс үстінде болу қажет, тек қана оқулықпен шектелудің қажеті жоқ. Мектебіміз дарынды балаларға жағдай жасауда 4,5 миллионға биологиялық кабинетпен жабдықталды, енді қараша айының соңына қарай орыс тілі мультимедиялық кабинетімен толықтырылмақ. 17 сыныпта 13 интерактивті тақталар бар. Сондықтан қосымша әдебиеттер оқып, ғалымдармен көп жұмыс жасау қажет. Тек ерен еңбегімен шындалған оқушы ғана биік шыңды бағындыра алады.

—Сұхбатыңызға көп рахмет! Сізге де алдағы уақытта табысты еңбек пен зор денсаулық тілейміз. Отбасыңыздың тірегі, мектебіміздің жүрегі болып қала беріңіз!

Сұхбаттасқан 9-сынып оқушысы Сәтпекова Әлемгүл

МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

Сүйінші! Құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Біздің «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназияда» алғашқы қоңырау соғылды.

«Мектебің мынау – класың,

Осында он жыл тұрасың...»,-деп жырлап өткен Мұқағали атамның айтқан сөзі бүгінгі ұрпақтың санасында мәңгі жатталып қалары анық. Ендеше, біздің мектебімізде жылдар бойы сан ұрпақты тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатады. Бірақ ендігі білім нәрін бүгінгі және келер ұрпақ жаңа мектепте қарсы алып отыр. Ол – жаңа білім статусына ие болған «Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы». Бұл жаңалықты ағымыздан жарылып қуанышпен жеткіземіз. Себебі, осы оқу орнында

талай қазақ баласы білім алып, республикамыздағы әрісі шетелде өз білімдерін жалғастыруда. Облысымыздағы «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп» статусын алған 13 мектептің қатарына қосылып, республика көлеміне танылатынымыз біз үшін үлкен мақтаныш.

Биылғы жаңа оқу жылында алғашқы қоңырауды соғу мәртебесі 1-сынып оқушысы Зәруза Нұрай Әсетқызы мен биылғы мектеп бітіретін түлектеріміздің бірі – Жанкүшіков Дамир Ермекұлына берілді. Бұл бастаманың алды алғаш рет қаламыздағы қазақ мектептерінің санын толықтырған осы гимназиямыздың ашылған тұсында бастау алған еді. Ол кезде алғашқы қоңырау соғу мәртебесі 1-сынып оқушысы – Алиханова Алтынайға берілді. Қазірде ол еліміздегі беделді жоғарғы оқу орындарының бірінен оқу грантын ұтып алып, қатарластарымен бірге Л.Гумелев атындағы ЕМУ-де өзінің білімін жалғастыруда. Ал сол кездегі 11-сынып түлектерінің бірі – Күлімбаев Ардақ өз білімін шыңдап, сонау Италия мемлекетінде магистратураны үздік аяқтап, білім магистр дәрежесіне көтерілді.

Бүгінгі күні Оралда мұнай-газ барлаушы инженері қызметін атқарып, табысты еңбек етуде. Міне, осы аға-апаларының жолын жаңа оқу жылында алғаш қоңырау соққан Дамир мен Нұрайға да тілейміз.

«Мектеп – кеме, білім - теңіз» дегендейін оқушылар жаңа мектептің жаңа статусын әрі қарай көтеріп, өздерінің жоғары білімімен әлі талай асқар шыңдарға жетелеп, биіктен көрінеді деп сеніммен айта аламыз. Осы жетістік оқушылар мен қатар жас ұрпақты тәрбиелеп жатқан ұстаздар ұжымының да тамаша жетістігі. Құрметті ұстаздар мен оқушылар жаңа оқу жылында - жаңа табыстар мен нәтижелі еңбектің жемісін тілейміз!

Рахимжанова Рахила 9-сынып оқушысы



«Өзіңнің ана тіліңді біліп, өзге тілді үйренсең, кім үшін?»

Ал өз ана тіліңді білмей, өзге тілді үйренсең не үшін керек?»

Хәлел Досмұхаметов

«Тіл – ұлттың жаны, халықтың үні»

Тәңірінің адам баласына сыйлаған ең ұлы сыйы – тіл! Адам баласы тәңірі тартуын өз қолына алғаннан кейін бір қауымы оны өсіріп өркендетті. Бір қауымы – қолда бар алтынның қадіріне жете алмай тоздырды. Өсудің де, өшудің де себептері көп. Осы себептердің ең бастысы – тіл соғысы.

Қазір жер шары деген «қыстағымызға» қарап отырсақ, әр қайсы тіл өзінің билік көлемін, ықпал аумағын бөлісу үшін қиян-кескі соғыс жүргізуде. Бұл соғысты әр түрлі топ әр қалай түсіндіреді: ақпарат соғысы, идеология соғысы, мәдениеттер қақтығысы, түтінсіз майдан т.б. Бірақ осы майдандарда тіл құрал ретінде де, идеология ретінде де ең алдыңғы шепте жүреді. Тіл тарихына қарап отырсақ, бір тіл қашанда бір империяның айнымас жауынгері болған. Тіл – бір ұлттың ар-намысы ретіндегі азаттығы. Бір топ қауымның қолданыс құралы ретінде – еркіндігі мен үстемдігі. Бизнес ретінде ақша жасаушы құрал. Ендеше, жеке тұлғаны жасынан тәрбиелейтін мектепте бұл тіл - қандай деңгейде болмақ? Сол сұрақтың түйінін шешсек, артық болмас.

Басқа да жалпыға білім беретін оқу орындары сияқты біздің де мектепте қазақтың қара домалақ балаларына өз ана тілін меңгертуді басты нысанаға алынып отыр. Бұл бір себептен орынды. Себебі, біздің білім ошағымыз тәуелсіз Қазақстанның қазақ тілді мектептердің санатына енеді.

Мектебіміз бүгінде «дарынды балаларды оқытатын» ерекше білім мекемесі мәртебесін алды. Осыған орай сүйіншілеп айтатын қуанышымыз - «22-ші қыркүйек күні Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер мерекесін» жаңа оқу жылында алғашқы мерекелік іс-шара аясына тұспа-тұс келуімен қуана қарсы алдық.

Осы айда күнделікті сабақ барысында барлық тіл мамандары түрлі деңгейдегі ашық сабақтар мен мерекелік іс-шаралар өткізді. Сонымен қатар «Балауса» радио-ақпараттық орталығы мен мектеп оқушылары «Мемлекеттік тілді қолдану аясына менің жеке қосқан үлесім» тақырыбы аясында өткізілген акцияға қатысты. Ал жеке қазақ тілі мен әдебиетінің мамандары бір ай бойы өткізілген тілдер фестивалін «Тіл – ұлттың жаны, халықтың үні» атты мерекелік қорытынды кешпен аяқтады.

Кеш барысы қазақи ұлттық менталитетімізді айшықтайтын қазақ қоғамының дамуына және ұлттық болмысының қалыптасуына айрықша үлес қосқан бас билеріміз - Төле би мен Әйтеке, Қаз дауысты Қазбек билердің ұлағатты істерімен және аталы сөздерімен байланыстырыла өткізілумен есте қалды. Бұл – тарихи көріністі 10-сынып оқушылары шебер орындап көрермен ықыласына бөленді. Ал келесі оқушыларымыз тілге құрмет – елге құрмет екенін өздерінің жүрекжарды өлең сөздерімен, бар ықыластарымен ән айтып, би билеп көрермен қауымға жеткізді.



Тіл мәселесінің қамын ойлап, қаламыздағы санаулы мектептердің қатарын толықтырып жүрген мектебіміздің директоры, қаламыздың құрметті ұстаздарының бірі – Рымкеш Хамитқызы да мұғалімдер мен оқушылар қауымына өзінің жылы лебізін білдіріп, қашан да тіл қадірі – ел қадірімен тығыз байланысты екенін тағы бір мәрте баса айтты.

Міне, азаттық алған жылдардың жемісі – өз тілі мен дінін құрмет тұтатын саналы өскелең ұрпақтың өсіп келе жатқанын танытып отыр. Біздегі ұлттық идеологияның түп тамыры – осы мақсатты көздеуде. Айтарымыз бір кешпен барлық істі бірден тындырдық деген санасыз ойдан аулақпыз. Десек те, қазіргі буын өкілдерінің жас санасына әсер етудің басты құралы - мектеп аясында өткізілетін ұлттық бояулы іс-шаралар екендігі талассыз.

«Туған тілім – тірлігімнің айғағы» деген ғибратты сөзді өзіне серік еткен мектеп оқушылары тіліміздің қадыр-қасиетін қашанда биік ұстап, жас санасына дұрыс сіңіреді деген оймен кеш барысы ұлттық рухты «Атамекен» әнімен аяқталды.

Ғазиз Еңлік Ғазизқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



«Тіл-халық қазынасы, бабалар аманаты ...»

Бүгінгі таңда әрбір білім ошағының басты міндеттерінің бірі-тәуелсіз елінің ұлтжанды ұрпағын тәрбиелеу болып отыр. Ал бұл сезім өзінен-өзі қалыптаса алмайды, ол саналы тынымсыз тәрбиенің нәтижесінде біртіндеп тамыр тартады. Осындай түпкі мақсатты көздеген айтулы шара Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған гимназиясында өткізілді.

Дебат клубының басшысы Шаймерденова Н. Т. оқушылардың талабы мен талантын ұштай білуінің арқасында «Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайту үшін мемлекеттік тілдің аясын кеңейту» тақырыбында тартымды пікір сайыс өтті.

Әрбір команда 3 спикерден тұратын 8-9 сынып оқушылары осы мәселе жөнінде келелі ой өрбіте білді. Алдымен сөз алған «Қайсар» тобының I спикері Қайржанова Әдия өз кейсінде Қазақстандағы мемлекеттік тілдің хал-ахуалын жан-жақты талдап, Қазақстанның Ата заңына, «Тілді дамыту бағдарламаларына» жүгініп, көптеген құнды деректер келтіре отырып, өздерінің осы мәселені шешу үшін ұсынған жолдарын «Қазақтың рухын қазақ болып көтерейік» деген ұранмен аяқтады. Өзіне қойылған сұрақтарға да тұжырымды жауаптар бере алды. Қарсылас «Ұлан» тобының I спикері Рақымжанова Рахилия алдыңғы пікірге қарсы дәйектер келтіре отырып, алдыңғы топ мәселені шешу жолын көрсете алмады деген сын айтты. «Қайсар» тобының II спикері Қабылда Әлібек мемлекеттік тілдің аясын кеңейту керек, біздің ұсынған өзекті мәселеміз келісті дей отыра Қазақстандағы қазақ мектептерінің халін әр түрлі басылымдардан деректер келтіре отырып, таныстырды. Оған қарсы қатығысқа шыққан «Ұлан» тобының II спикері Өміржан Ақберен 2001-2010 және 2011-2020 жылдардағы Тілді дамыту бағдарламаларының негізгі мақсат-міндеттерін салыстыра отырып, алдыңғы бағдарлама толығымен орындалса, екінші бағдарламаны қабылдаудың қажеті болмас еді, сол себептен сіздердің мәселелеріңіз біздің позицияға өтті деген пікір айтты. «Қайсар» тобының III спикері Қайыргельдинов Асқар өз тобының ойларын, қорытындысын ұсынып және қарсы топтың біздің оймен келіспеген жағдайда альтернативті кейс ұсына алмағандарын алға тартты. Пікірталастың соңында сөз алған «Ұлан» тобының III спикері Рамазанов Дархан батыл сөйлеп, жақтаушы топ өз мәселесін шешу жолында тақырыптарынан ауытқығанын айтып, жалпы келтірілген фактілер көзіне күмән келтірді.

Дебат соңында осы сөзбен ой сайысын бақылап, бағалап отырған төрешілер аталмыш гимназияның экономика мұғалімі Сыздықов А. Ж және осындай ойындарға қатысып кесек ойлары және батыл шешімдері мен талай жетістіктерге жете білген 11 сынып оқушыларынан құралған «Жас Ұлан» дебат тобының мүшелері - Ағыбай Дәулен мен Шаймерден Мөлдір, Бақасов Алмас осы білім сайысы туралы ой бөлісіп, жіберілген кемшіліктерге сын айтты. Пікір сайыс нәтижесінде келелі ойы, келісті сөзімен көзге түскен спикерлер Қайыржанова Әдия мен Өміржан Ақберен және жеңіс шыңына шыққан «Қайсар» тобы арнайы сертификатпен марапатталды.

Ой талқының қонағы «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы Қайыржанова Гүлнәр Мәдиқызы осы шараға құрметтеп, шақырғандарына алғысын айтып, ана тілінің рухын көтеретін сендерсіңдер, осылай өмір бойы білімге ұмтылып, қазақ елінің абыройын асқақтар азамат болып өсіңдер деген тілегін «Сен қазақсың» өлеңімен тәмамдады. Соңында сөз алған осы білім сайысын ұйымдастырушы - Шаймерденова Н.Т. сайысқа қатысқан шәкірттерге, шараны тамашалауға келген ұстаздармен оқушыларға және келген қонақтар – Қайыржанова Гүлнәр Мәдиқызына, «Ақжол» және Ақсу радиосының тілшілеріне алғысын білдірді.



Бибігүл Атик

Гимназия, физика пәнінің мұғалімі

«Мұхит асып келген ЛаКриста»

Қазақстан Республикасы және «Бейбітшілік корпусының ерікті мүшелерін» қолдау ұйымының басқаруымен біздің мектебімізге тілді меңгеру мақсатында Брайн Гиллеспиден кейін ЛаКриста Коегел келді. Әр келген волонтер мектебімізде ағылшын тілін үйретіп, жалпы оқушылардың тілді игерудегі қарым-қатынастық дәрежесін дамытуды көздейді. ЛаКриста оқушылармен тез тіл табысып, оларға ағылшын тілін игертумен қатар өзінің де келген мақсатына орай қазақ тілін меңгеріп, қазақ дәстүрімен салтын біліп қайтты.



ЛаКриста Коегел 2010 жылдың қараша айынан келіп, бір жылдай уақыт көлемінде болды. 19-ншы қазан күні барлық оқушылар келген волонтер-ұстазды шығарып салды. Соңғы кеш есте қаларлықтай болды. Себебі, ол оқушылардың жүрек жарды өлең-жырлары мен ән-би өнерлеріне алғысын білдірді. Біз де басқа оқушылармен қатар оны соңғы кеште шығарып салып, әлі де талай асулар мен шырларды бағындыруына өз тілектестігімізді білдірдік.

Рамазанов Дархан
9-сынып оқушысы

«Қасиетті әулие жерінде ...»

Мен мектеп оқушыларымен және ұстаздарыммен он сегізінші қыркүйек күні қасиетті Баянауыл жеріне сапар шектім. Жолдың ұзақтығы ауыр тисе де, біз бәріне шыдадық. Алайда әулие Мәшһүр атаның үйінің орны мен құдығына жеткенде, осыған дейінгі барлық ауру-сырқатымыз мүлде ұмытылып кетті. Бабамыздың бұрынғы үйінің қасындағы құдығының бұлағы қасиетті зәм-зәм суы сияқты дәм татылды. Қасиетті су деп осыны айт! Кейін жан-жағыма көз салып едім. Біраз шақырым жерде дөңде бір зәулім сарайшық сияқты ғимарат көрінді. Сол сарайшық әулие атаның кесенесі болып шықты. Содан соң сол жаққа да жеттік. Дәретімізді алып, қасиетті әулие мекеніне, кесенесіне, аяқ бастық. Тамаша сәулет өнерінің туындысы, ислам дінінің біздің Павлодар облысындағы ең басты ошақтарының бірі қасиетті кесенегеаң-таң болып қарадым. Кіреп алдында 73 баспалдақпен көтерілдік, сондағы баспалдақ саны атамыз жасаған ғұмырының жасына тең екен. Көтерілгеннен кейін орамал тағып, мұсылмандық парызымызды өтеп, ең алдымен ұлдар, ал кейін біз - қыз балалар, кірдік. Ата қабірінің жан-жағына отыра қалдық, қолымызды жайдық, атамыздың аруағына арнап құран бағыштадық. Содан соң ата қабірінің үстіндегі құлыптасқа қолымызды қойып, Алла Тағаладан арманымыздың орындалуын сұрадық. Сол біз отырған бөлменің қабырғасында күн шағылысынан пайда болатын жүрекше тәріздес формалы көлеңке белгісіз жағдайда шыға келді. Жан-жағымызға қарадық, үстіндегі күмбезге көз салдық, алайда жүрек тәріздес пішінді ештеңе таба алмадық. Біз үшін бұл бір сыры ашылмас құпия ретінде қалды. Кесенеден кейін қасындағы ауылға жол жүрдік, бізді Мәшһүр әулиенің мұражайына апарды. Мұражай шағын болғанымен, ішіндегі ескерткіштер, Мәшһүр атадан қалған асыл мұралар басқа мұражайда жоқ екен. Көз жауын алған осы мұралардың ішінде әулиенің көзілдірігінен бастап, жазған жазбаларына дейін, тіпті жерлеген кезде мәйітін ораған алашасына дейін барлық ескерткіштері әлі күнге дейін сақтаулы тұр. Осы сапардан Мәшһүр ата туралы көп мағлұмат білдім, сонымен қатар ислам дініне деген көзқарасым, сенімім одан әрі арта түсті. Тамаша бір әсермен үйге оралдым. Бұл сапардан соң тәнім ғана емес, рухым да, жан-дүнием, сана-сезімім бір тазарып, демалды, күш-қуат, жігерлік, рух сияқты биік қасиеттерге ие болдым.



Сейлханова Дария
10-сынып оушысы

«Ұлылардың ұлағаты»

Ұлағатты адамдардың сөзін ғана емес, кейінгі ұрпақтарға қалдырған ісін тану зор мәртебе. Қазақта халқы үшін тер төгіп, еңбек еткен азаматтар аз емес. Солардың бірі де, бірігейі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

М. Ж. Көпеевтің қазақ әдебиетіне ғана емес, күллі қазақ жұртына ислам дінінің жаңа сатысы – адам болмысын тану, адами құндылықтарды дәріптеу сияқты дара қасиеттерді дарытқаны барша қазақ қауымына аян. Ендеше осындай тұлғалық ерекшелігі анық, салған сара жолы айқын тұлғаның басына барып тағзым ету құптарлық іс. Менде өзімнің сыныптастарыммен, ұстаздарыммен бірге әулие Мәшһүр атамыздың басына барып қайттым. Экскурсовод апай жол бойы бізге Мәшһүр атаның өмірі, балалық шағы жайлы көптеген мәлімет айтып, фотосуреттерді көрсетті. Біздің бірінші аялдамамыз бұрын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тұрған үйінің орны болды. Қазір бұл жерде қасиетті бұлақ бар екен. Сол жерден бәріміз су іштік. Содан кейін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесіне келдік. Кесененің ішінде екі бөлме бар. Екінші бөлмеде біз құран бағыштадық. Кесененің жанында көптеген зираттар бар екен. Бұл зираттарда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының балалары, келіндері, немерелері жатыр. Сол жерде киіз үйде түскі ас іштік. Содан кейін жолға шығып Ақжол ауылына келдік. Ақжол ауылында Мәшһүр Жүсіп атындағы мешіт пен мұражайға бардық. Мұражайда Мәшһүр атамыз туралы өзіме көп мағлұмат алдым. Қайтар жолда оқушылар мен мұғалімдер өлең айтып, қуанышты көңіл – күймен үйге қайттық. Маған осы сапар қатты ұнады.

Амангелді Әсия
10-сынып оқушысы

Мәдениет жаңалықтары

«Дүниеде екі ұлы кәсіп бар,
біріншісі – ұстаздық, екіншісі - дәрігерлік»
Асқар Жұмаділдаев

Оқушылардың тәрбиеленетін білім ордаларының киелі орны әрине, мектеп. Бірақ оған нәр беріп, сән беретін – мұғалім және оның жылдар бойғы қиындығы мен қуанышқа толы жемісті еңбегі. Ұстаз – мектептің жүрегі, оқушыларын рухтандыратын тірегі. Бұл - сөзіміз асып айтқан асылық емес. Оған дәлел - мектебімізде биылғы 11-сынып оқушыларының арнайы ұстаздар қауымына дайындаған «Ұстаз – мектептің жүрегі» атты әдеби-музыкалық кеші. Бұл кеш бұрынғыдан өзгереді, берер тәлімі де, алар асуы да ерекше илтипатқа бөленген «арнайы сый» болды.

Алтын ұямызда ұстаздар күні мерекесінің тойлануы жылдан жылға қызығырақ, көңілдірек болып келе жатыр. Осы жылы да атаулы мерекеміз барша гимназия ұстаздары мен оқушыларын шаттандырып, қуанта білді. Бұл мерекені ұйымдастыру ісі 11-сынып оқушыларына жүктелді. Олар әрине, мерекенің жоғары деңгейде өтуі үшін тырысып бақты. Енді бұл есте қалар күннің барысына келер болсақ, мектеп алдында жиналған оқушылар мен сыңғырлаған домбыраның үні мереке иелерінің жүзіне қуаныш ұялатты. Ардақты ұстаздарымызға алғыс ретінде сыйлықтар ұсынылды. Мектеп директорының қызметін бұл күні Бакасов Алмас, ал оқу ісінің меңгерушісі – Шаймерден Мөлдір, инспектор қызметін – Муканов Дияр атқарды. Ал «12-сынып» оқушыларына Есенгулова Айгерім, Жасуланова Жұлдыз, Ағыбай Даулен, Байболат Кәкім, Жолдасова Жанар және Байболатов Алижан төрт сабақтық кестеде білім нәрімен сусындатты. Сабақ барысында қызықты ойындар, жарыстар мен мағыналы шағын кинороликтер қолданылды. Алайда, қалған «мұғалімдеріміз» бей-жай отырмай, оқушыларға пәндер бойынша сабақ берді. Балалардың бұл сабақтардан алған әсерлері мәңгі есте қалады деген ойдамыз. Мереке соңы қызықты концертке ұласты. Концертте өнерпаздар өз өнерлерін ортаға салып, би билеп, ән салды. Ал мектебіміздің көңілді жастары – «For kings» командасы көрермендерді әзілдерімен қарқ етті.

Мектептің жүрегі – ұстаздар күніне арналған бұл айтулы мереке мәңгі есте қалады деген ойдамыз. Құрметті ұстаздар сіздерді «Ұстаздар мерекесімен» шын жүректен құттықтаймыз. Алдағы жылдары жұмыстарыңызға табыс пен шығармашылық жетістіктер тілейміз!

Шаймерден Мөлдір

Мерекелік көңілді сәттер!



«Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға ...»
Абай Құнанбайұлы

«Ұстазым менің – ұстазым»

Мінекей, араға жылдар салып, уақыт шіркін зымырап өтуде. Алайда, жемісті нәтижелі еңбек қашан да өз құнын жоғалтпайды. Мейлі, сан жылдар, ғасырлар өтсін «Менің еңбегім, өз бағасын алады, мен оған сенімдімін!» деген азаматтық позицияны ұстанған ұстаздар қауымының бір тобы өз еңбек өтілінде айтулы, айшықты күндерін атап өтті. Енді сол мұғалімдерді құттықтауға кезек берейік.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Сламбекова Рымкеш Хамитқызы
еңбек өтілінің айшықты белгісі – үлгілі
шәкірттерімен қатар берекесі мен мерекесі
жарасқан ордасын басқарып отырғанына
«40 жыл» толды.



Ибраева Бакыт Шаймарданқызы
еңбек өтілінің айшықты белгісі – білімді
озық ойлы шәкірттер тірбиелеп, олардың алды
шетелден білім алып, беделді қызметтер атқаруда
Еңбек өтіліне «35 жыл» толып отыр.



Аманжолова Сәуле Ғалиқызы
еңбек өтілінің айшықты белгісі – мектеп
оқушыларына алғашқы жазу мен сызуды
үйретіп,
болашаққа дұрыс бағыт-бағдар беруімен
ерекше.



Алькеева Зәуреш Бүкірқызы
Еңбек өтілінің айшықты белгісі – оқушыларына
математика пәнінен сабақ беріп, заманауи ең тиімді
мамандықтарға жол ашады.
Еңбек өтіліне «30 жыл» толып отыр.

Давлятчина Сәлима Васильевна
еңбек өтілінің айшықты белгісі – мектеп
оқушыларына
математика ғылымының қыры мен сырын
меңгертіп,
техникалық білім алуын әрі қарай шыңдайды.



Оразғалиев Руслан Тоқанұлы
еңбек өтілінің айшықты белгісі – ел тарихы
мен қазақ қоғамындағы қайраткерлердің
үлгілі қызметтерін насихаттайды.
Еңбек өтіліне «20 жыл» толып отыр.



Атик Бибігүл Васильевна
еңбек өтілінің айшықты белгісі – физика
ғылымының тылсым сырын ашып, болашақ
астрологтар мен инженер-техниктерді
дайындайды.
Еңбек өтіліне «10 жыл» толып отыр.




Шаймарданова Назигүл Түсіпқызы
еңбек өтілінің айшықты белгісі – мектеп
оқушыларына рух беріп, адамгершілік құнды
қасиеттер
мен адам жанының нәзік иірімін сезінуге бағыт
береді.
Еңбек өтіліне «15 жыл» толып отыр.



Баядилова Әсем Қанатқызы
еңбек өтілінің айшықты белгісі – информатика
пәні арқылы оқушыларға «компьютер тілін»
меңгертуімен айрықша.
Еңбек өтіліне «10 жыл» толып отыр.



Зупар Жәнібек
еңбек өтілінің айшықты белгісі – «Шынықсаң,
шымыр
боласың!» ұранын өскелең ұрпақ бойына дарытады.
Еңбек өтіліне «5 жыл» толып отыр.



Дембельбаев Нұржан Арыстанбекұлы
еңбек өтілінің айшықты белгісі – «Салауатты
өмір салтын ұстансаң, денің сау болады!»
ұранын дене шынықтыру пәнінде үйретеді.
Еңбек өтіліне «5 жыл» толып отыр.



Нұрғалиева Салтанат Еркінқызы
еңбек өтілінің айшықты белгісі –
«Әлемнің
сырын білгің келсе, ағылшын тілін
меңгер,
ұтылмайсың!» позициясын жақтай.

Құрметті ұстаздар!

Сәздерді «Ұстаздар күнімен» шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы өмірде
қуаныш пеш шаттыққа толы сергек көңіл, отбасыларыңызға
бақыт пен татулық, дастархандарыңызға береке мен мереке тілейміз!
Жұмыстарыңызда - озық ойлы шәкірттер мен шығармашылық шабыт
тілейміз!

Ізгі тілекпен:

Мектеп оқушылары мен «Балауса» баспасөз және радио-ақпарат
орталығының мүшелері.

«Мен қарапайым қарттарды сүйемін,
Не деген керім еді!
Не біледі осы жұрт, не біледі?!
Бабалардың баласы – кәриялар
Сиреп бара жатқандай көрінеді ... »
Мұқағали Мақатов

«Қариялы ел – қазыналы ел»


6 қазан күні біздің шаңырағымыз гимназияда «Қариялы ел – қазыналы ел» атты қарттар күніне арналған қайырымдылық кеш өткізілді. Кештің мақсаты - қаламыздағы қарттарға бір күндік болса да, қуанышты көңіл-күй мен әсем ән сыйлап, олардың біздің қоғамдағы орнының маңызды екенін дәлелдеу болды. Біз сыйлаған көңілді кеште қарттар өздерінің жастық шақтарында салған әндері мен жырларын еске алып, риза болып қайтты. Жүздеріндегі қуанышты олар өздерінің жүрек жарды лебіздерімен сабақтастырып, шынайы көңілмен тарқайды.

Ұйымдастырылған қайырымдылық кешке Ақсу қалалық орталық емханасының өкілі келіп, қарттарды бүгінгі айтулы мерекемен құттықтады. Сонымен қатар Ақсу қалалық білім бөлімінен Роза Ақболатқызы мен Әлеуметтік қамсыздандыру орталығының бас маманы - Майра Қасқырбайқызы да сөз алып, қарттарға өзінің жылы лебіздерін білдірді. Мектеп ұжымы атаулы кештің себепкерлері болған қарттарға шағын сыйлықтарды табыс етті.

«Қарттар күніне» орай біздің мектептің ұжымы қаламызда жыл сайын өткізілетін қайырымдылық марафонына да қатысты.

Концерттік бағдарлама барысындағы сәттер

Ибраева Сая
9-сынып



□ уанышты жа □ алы □ !

«Жасөспірімдер арасында өткізілген облыстық олимпиадада 8-сынып оқушысы Қабылда Әлібек III орынды иеленді»



7 қазанда біздің гимназиямыздан бірнеше оқушылар Павлодар облысында алгебра және геометрия пәндері бойынша интеллектуалдық олимпиадаға қатысып қайтты.

Солардың ішінде 8-сынып оқушысы Қабылда Әлібек III орынды иеленіп, қуанышты жаңалықпен осы жаңа оқу жылына сәтті қадам жасады. Енді осы олимпиада жүлдегері Қабылда Әлібекпен жүргізген сұхбатымызды сіздердің назарларыңызға ұсынамыз:

- **Қайырлы күн, Әлібек! Сені жаңа оқу жылындағы табысыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Әлібек, осы олимпиадаға қалай қатысып, нені үйреніп қайттың?**

- Сәлеметсіз бе! Рахмет, мен осы олимпиадаға қатысу барысында әр істе тиянақты болып, әрі өзіме сеніп тапсырылған жұмысты дұрыс орындау қажеттілігін түсіндім.

- **Ал, енді осындай жетістікке жету үшін кім көмектесті. Сол жайында айтып кетсең?**

- Осы жетістікке әрине, менің ұстазым әрі сынып жетекшісі – Аلكеева Зәуреш Букуровна ықпал етіп, маған математика әлемінің қыр-сырын түсінуге, оны өз тәжірибемде тиімді пайдаланып, осындай олжаға кенелуіме көмектесті. Сол үшін сүйікті ұстазыма көп рахмет айтамын.

-**Әлібек, сенің осы пәнді таңдауыңа тек мұғалімнің көмегі ғана емес, сонымен қатар өзіңді қызықтырған басқа да себептер бар шығар?**

- Жалпы алгебра мен геометрия пәндері мені 5-сыныптан қызықтыра бастады. Сол қызығушылықтың арқасында осы пәннің қыр-сырын терең меңгеруді алғы шарт деп таптым. Сондай-ақ, осы 8-сыныпта Зәуреш Букуровна менің таңдаған пәнімнің аясында облыстық деңгейдегі жасөспірімдер арасында өткізілетін олимпиадаларға қатысуға шақырды. Бұл ұсыныс мені қатты қызықтырып, мен еш қарсылықсыз келістім.

- **Әлібек, алдағы өмір жолыңды, өз болашағыңды математика ғылымымен ұштастырасыңба?**

- Иә, мен болашақта осы мамандық аясымен тікелей байланысты қаржыгер болғым келеді.

- **Жақсы, осы мақсатыңа жетуіне тілектеспіз. Біздің оқырмандарымызға өз тілегіңді арнасаң екен?**

- «Балаусаның» оқырмандарына тілейтінім оқуларына белсене қатысып, алдыңғы жаңа оқу жылында мен сияқты жақсы жетістіктерге жетіп, олимпиадаларда жүлделі орындар алуын шын жүректен тілеймін!

- **Әлібек саған біздің де тілейтініміз биік шыңдардан көрініп, алға қойған мақсаттарына жете бер деген ізгі тілек білдіреміз!**

Ахмекенова Қымбат

Тұғырлы - ағылшын тілі

Біздің оқушылар да ағылшын тілінен өткізілетін «Flex» олимпиадасына қатысып қайтты

20 қыркүйек күні біздің гимназия оқушылары Павлодар облысында өткізілген «Flex» олимпиадасына қатысып қайтты. Бұл – олимпиада ағылшын тілінен оқушылардың білім деңгейін тексеріп, олардың бұл тілді меңгеруге деген құлшынысын арттыра түспек. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген ұстанымды серік еткен оқушыларымыз өз ана тілдерінің мәртебесін көтере отырып, қазіргі заман талабына сай өзге де тілді меңгеруді мақсат етіп отыр. Бұл – жалпы жеке тұлғаның интеллектуалдық деңгейін әлемдік аренада шындай түсері күмәнсіз. Тіпті, кезінде ұлы ғұлама Әл-Фараби де әлемнің жеті тілін меңгеріп, күллі әлемге өзінің танымдық ерекшелігімен әйгілі болды. Міне, осындай ғұламалар ұстанған мақсатты біз де өзімізге серік етеміз.

Жалпы облыстық олимпиадаға аймағымыздың түкпір-түкпірінен өз білімін сынауға көптеген оқушылар келді. Жобаның басты мақсаты – ағылшын тілін терең меңгерген оқушыларға АҚШ-нда 1 жыл көлемінде оқуға мүмкіндік береді. Сайыстың Қазақстандағы директоры – G. Tim. Ал аймағымыздағы ұйымдастырушы өкілдері – Валентин мен ЛаКриста деген азаматтар. «Flex» сайысы III турдан тұрады. I туры 15 минуттық тесттен құрылса, II тур «Reading writing» деп аталып, оған 3 сағат уақыт беріледі. Олимпиаданың келесі сатысы яғни, III турына өткен оқушылар арнайы Астана қаласына шақыртылады.

Сайыстың нәтижесі сол күні 3 сағаттан кейінтолық тексеріліп шығады. Сондықтан бұл сәтте әр аймақтың түкпір-түкпірінен келген оқушылардың қобалжуы орынды. Бірақ сайыстың аты –сайыс, жеңбек бар да жеңілу де болары анық. Сонымен қорытынды нәтиже бойынша біздің гимназия атынан қатысқан оқушылардың ішінен топ жарып алға шыққандар - Сыздықов Адай, Михайленко Юлия, Ахметова Зәмира мен Амангелді Асия болды. Сайыстың келесі сатысына қатысқан оқушыларға сәттілік тілейміз!

Өміржан Ақберен
9-сынып

Білім оржыны

«Айсара, жүздемен оралды ...»



Жуырда біздің мектептегі 7^{«а»} сыныбының оқушысы Ибрайкина Айсара Павлодар қаласында өткізілген ғылыми-практикалық сайысқа қатысып жүлделі орынмен оралды. «Туған өлкені тану ғылымға жетелейтін жол» атты облысымыздағы әрісі әлем таныған жоғарғы оқу орындардың бірі - «ИнЕУ-дің 20 жылдығына» орай жас ғалымдарға арнайы ұйымдастырылып отырған ғылыми-практикалық конференцияда I орынды жеңіп алды. Енді конференцияға қатысып қайтқан жүлдегеріміз – Ибрайкина Айсараға сөз беріп, сайыстан кейінгі әсерлерімен бөлісейік.

–Қайырлы күн, Айсара! Сені жаңа оқу жылындағы алғашқы жетістігіңмен құттықтаймыз! Айсара, осы ғылыми-практикалық конференцияға қалай қатыстың, нені үйреніп қайттың?

–Сәлеметсіз бе! Рахмет, мен осы конференцияға қатысып келгеніме қуаныштымын. Себебі, менің мақсатым – ата-анам берген тәлім-тәрбиені ақтап, келешекте ұстаздарым берген біліммен әрі қарай шыңдалу. Осыны басты нысанаға алып, сайысқа қатысуға бел байладым. Сонымен қатар осы ғылыми-практикалық конференцияға қатысуымның тағы бір сыры – өздеріңіз білетіндей мен былтырдан бері 5-7-сынып оқушыларына арналған арналған «Зерде» ғылыми жобалар сайысына қатысу үшін дайындалып жүрмін. Бұл конференцияға қатысу маған зор мүмкіншіліктер ұсына алады.

–Айсара, бұл аты затына сай жас ғалымдарды қолдауға арналған ғылыми-практикалық конференция ғой, ендеше бұған қатысан кімдер және олар қай жерлерден келді, сол жөнінде айта кетсең?

–Иә, бұл - конференция, сондықтан бұған ғылымға бейім балалар қатыса алады. Атап айтсам, 5-11-сынып оқушылары мен екі студент қатысты. Барлығы – 32 қатысушы болды. Оқушылар аймағымыздың әр түрлі жерінен келді.

–Бұл конференциядағы бағытың қандай, жалпы қай секцияға қатыстың? Таңдаған тақырыбың қалай аталады?

–Мен лингвотодика секциясына қатыстым. Тақырыбым – «Линго культурный концепт – «путешествие-саяхат-travel» в английской, казахской и в русской языковой картине мира» деп аталады.

–Рахмет, Айсара, жалпы біз сені үлгілі әрі білімді оқушылардың бірі деп санаймыз. Ал сенің осындай жетістіктерге жетуіне кім ықпал етуде?

–Сауалыңызға рахмет, әрине, менің осындай жетістікке жетуіме ата-анамның тікелей себепші болуы орынды, дегенмен де осы аталмыш конференцияға қатысуыма өзімнің сүйікті ұстаздарымның бірі, әрі ғылыми жетекшім – Сабиганова Сания Ақашқызы ықпал етіп, бағыт-бағдар беріп, үлкен көмек көрсетті. Ұстазыма шексіз алғысымды білдіремін.

– Айсара, өзіңмен білім додасында сынға түскен қатысушылар көп екен. Ал бұл - сайыс, сайыста жеңілісте, жеңуде қатар жүреді ғой, сендердің тырнақ алды еңбектеріңді кімдер бағалады? Әділ қазылар құрамы туралы да айта кетсең?

– Иә, сайыста менімен бақ сынасқан оқушылар көп болды. Конференция барысы әр түрлі пәндерді құрайды, сондықтан да оқ бойы алға шығу қиындау болғаны анық. Бірақ, ғылыми конференциядағы Ғайша Ертайызы басқарған қазылар алғасының тобы әр түрлі саладағы профессорлық құраммен қамтылғандықтан, әділ әрі ашық түрде өтті. Жарыс барысында I орынға бір оқушы, ал II орынға екі оқушы және де III орынға екі оқушы ие болды.

–Айсара, оқушылар үшін ғылыми-практикалық конференцияға қатысу оңай жұмыс емес, сайыста толқу да қобалжу да болады, дегенмен де сайысқа қатысу сен үшін қандай тосын сыйымен есте қалды?

–Бұл жарыс маған көп әсер қалдырып, қызықты сәттерімен ерекше есте қалды. Әсіресе, қазылар алқасының оқушыларға орын беріп жатқан кезі ... Өз есімімді күтіп, қатты қобалждым. Үмітім ақталып, алға озып шықтым. Ал бұл сайыстағы тосын сый - менің алғашқы еңбегім арнайы ИнЕУ-дің жеке кітап қорына еніп, баспа бетінде жарық көреді.

– Рахмет, Айсара. Еңбегіңнің жарыққа шығып, оқырмандар қауымының назарына ілігуі тамаша жетістік. Сағаналдағы оқу жылында шексіз табыс пен өмірлік сәттіліктер тілейміз. Бізді және ата-ананды осындай жетістіктеріңмен қуанта беруіңе шын жүректен тілектеспіз!

Сұхбаттасқан Ғазиз Еңлік Ғазизқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Дарын-глобус



«Білімді – мыңды, білекті – бірді жығар»
Халық даналығы

КИО (интернет-олимпиадасының қорытындысы)

Тарих пәні бойынша:Қазақ тілі пәні бойынша:

Жалпы – **40 ұпай**Жалпы – **40 ұпай**

- | | |
|--|---------------------------|
| 1. Джамалбаева Азалия 8-сынып оқушысы – 39 ұпай | Есімханова Ә. -40 ұпай |
| 2. Исаева Амина 8-сынып оқушысы оқушысы – 37 ұпайХасанова А. – 40 ұпай | Искакова М. – 40 ұпай |
| 3. Есімханова Әйгерім 7-сынып – 37 ұпай | Кенжеғалиева Д. – 40 ұпай |
| 4. Ғабдуллин Батырхан 9-сынып оқушысы – 37 ұпай | Ибрайкина А. – 39 ұпай |
| 5. Қабылда Әлібек 8-сынып оқушысы – 36 ұпай | |
| 6. Сәтпекова Әлемгүл 9-сынып оқушысы – 36 ұпай | |
| 7. Маденов Аян 8-сынып оқушысы – 36 ұпай | |
| 8. Адра Ерназар 10-сынып оқушысы -35 ұпай | |
| 9. Ибраева Сая 9-сынып оқушысы – 35 ұпай | |
| 10. Асенов Сұлтан 8-сынып оқушысы – 35 ұпай | |
| 11. Адра Күлән 8-сынып оқушысы – 35 ұпай | |



«XXI ғасыр көшбасшысы»

Гимназия қабырғасында 13 қазан күні құқық және экономика пәнінің мұғалімі Азамат Жанайдарұлының ұйымдастыруымен «XXI ғасыр көшбасшысы» атты дарынды оқушыларға арналған интеллектуалдық сайыс өтті. Сайыстың мақсаты – гимназия қабырғасында оқып жүрген жоғарғы сынып оқушыларының білім деңгейін тексеріп және олардың интеллектуалдық өзіндік ерекшеліктерін ғылымның әр саласы бойынша дамытуды көздейді.

Жалпы бұл сайысқа 9 -11-сынып оқушылары көрермен ретінде қатысып, олардың арасынан шоқтығы биік, білімі мен өресі кең тұлғалар іріктеліп, сайысқа қатысты. Білім додасына 9-сыныптан Рахимжанова Рахила мен Мусаипов Қуат, 10-сыныптан Досымбеков Олжас пен Имангазина Адина, ал 11-сыныптан Ағыбай Дәулен мен Байболат Әлижан қатысты.

Ойын барысында жүйріктің жүйрігі озары анық. Ендеше, интеллектуалдық ойынның нысанасы – мыңнан озған шын жүйріктерді анықтау болғандықтан, ақтық мәреге Рахимжанова Рахила, Досымбеков Олжас пен Ағыбай Дәулен жолдама алды. Сайыскерлерге алдағы тартысты додада тек жеңіс тілейміз!



Айтпекова Дана
9-сынып оқушысы

Мәдениет жаңалықтары

«Тәртіп – білімге бастар жол,
Ал мәдениет – өркениетке апарар жол»
Асқар Жұмаділдаев

«Бір ел – бір кітап» акциясы

Республикамыз бойынша жыл сайын «Бір ел – бір кітап» акциясы ұйымдастырылуда. Акцияның мақсаты – бүгінгі жас буын өкілдерінің кітап оқып, оны ойға тоқып, саналы мәдениеттің көшін бастауына ықпал етуді көздейді. Сонымен қатар өз ұлтының озық мәдениетін жасаған саналы топ өкілдері «қазақ қауымы - көкірегі ояу, көзі ашық болсын» деп жылдар бойы тер төккен азаматтары – А.Құнанбаев, М.Дулатов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов сынды тұлғалардың өмірі мен шығармашылық жолдарын насихаттауды алғы шарт ретінде қарастыруда.

Әр жыл сайын бір тұлғаның еңбегі мен шығармашылық даму деңгейін насихаттайтын бұл акцияның осы жылғы өкілі – өзіміздің жерлесіміз, киелі Баянауыл топырағының тумасы Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылық жолына арналды.

Осыған орай біздің мектеп оқушылары Ақсу қаласының орталық кітапханасына барып, акцияға белсене қатысып қайтты. Оған мектебіміздегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері Ғазиз Еңлік Ғазизқызы мен Шапаұова Әсем Сенбіқызы бастаған топ 8-10-сынып оқушылары толық қатынасты.

Акция барысында көтерілген басты тақырып – Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығына және оның қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік туындысы - «Ақбілек» романындағы Ақбілектің басынан өткен психологиялық жағдаятқа арналды. Оның сол замандағы, қоғамдағы істерінің дұрыстығы талқыланды. Әңгіме өзегі болған бұл тақырып қазірде өз құндылығын жолғалтқан жоқ.

Пікір алысуға келген мектеп оқушылары өзара сұрақ-жауап алмасып, ұйымдастырушы кітапхана қызметкерлеріне өздерін толғандырып жүрген сауалдарына жауап алып, ой бөлісіп, пікір алмасты. Жалпы кітапхана қызметкерлері ұйымдастырған іс-шара өзінің тақырыптық және мазмұндық ерекшелігімен жүйелі құрылғаны барлық қатысушылардың назарында жақсы әсер қалдырды.

Бізді ертіп барған ұстаздар өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, әлі де осындай шаралар ұйымдастырылып мектеп пен кітапхана ұжымының осы тығыз қарым-қатынасты үзбей жалғастыра беруі дұрыс екенін айттып, жақсы әсермен қайттық.

Шәймерденова Әсия
9-сынып



«КТК»

«Күле біл, әрі күлдіре біл!»

Атам қазақ «Күле біл, әрі күлдіре біл» ұстанымын алға қойып, күнделікті күйбең тірліктен босаған сәтте әзіл жарасса, үлкен-кішімен сыр бөлісіп, ой түйіндеп, сөз жарыстырғанды артық көрмеген. Әр әзілдің астарында терең шындық пен ащы ақиқат жатса керек. Ал бұны бүгінгі жас ұрпақ – қаз қалпында дұрыс түсініп, көршілес ресейліктер бастап берген ширек ғасырға жуық өмір сүріп келе жатқан «КВН» әзіл-сықақ ойындарымен шебер ұстастыруда. Асылы әр сөзді әзілге айналдырып, сөз жарыстырып, ойын ойнау дәстүрі бізде де бұрыннан бар болса керек. Әрісі Шона Сымақанұлы жалғастырып кеткен бұл сара жол - берісі қазақтың «Тамашасымен» байланысты туған қазіргі жастар сүйіп көріп, тұшынып тыңдайтын «КТК» клубының әзіл-сықақ сайысы болса керек.

Ендеше жуырда біздің мектептің оқушылары Павлодар қаласында өткізілген «КТК» конкурсына қатысып қайтты. Сол жөнінде біраз сыр бөлісіп, ағынан жарылып, көрген-білгенін бойына сіңіріп қайтқан гимназиямыздағы «КТК» клубының мүшесі – Кенжегалинова Ризабекті сөзге тартқан едік. Енді сол сұхбаттың мазмұнын ұсынсақ.

- Сәлеметсіз бе, Ризабек! Естуімізше, жуырда Павлодар қаласында өткен «КТК» конкурсының кезекті кездесуіне барып қайтыпсыздар, сол жөнінде біраз айта кетсеңіз?

- Сәлеметсіз бе, Дана! Иә, біз жуырда осы қазан айының 24-і күні Павлодар қаласында өткен «КТК» кезекті конкурсына қатысып қайттық. Жалпы конкурс барысы бізге қатты ұнады. Өзімізді жаңа қырымыздан ашуға бұл жоба дұрыс ықпал етіп, мол мүмкіндіктер туғызды деп ойлаймын. Себебі, күнделікті оқу барысында үнемі сабаққа қатысып, сол мәселе төңірегінде ғана қалмай, сыртқа шығып, әсіресе әзіл-сықақ сайыстарына қатысу біз үшін өте маңызды.

- Бұл конкурсқа қашаннан бері қатысып келесіңдер?

- Әзіл-сықақты насихаттайтын сайыстарға, соның әшінде «КТК» конкурсына бірінші рет қатысып тұрмыз. Сондықтан болар алған әсерлеріміз бен түйген ойларымыз әлі де біраз уақытқа дейін есте қалары анық.

- Сайысқа кімдер қатысты, яғни сендерден басқа қандай топтар қатысты және олар қай жақтан келді?

Сөз жарысы болып табылатын әзіл-сықаққа әрине, біз ғана емес, басқа да топтар қатысты. Жалпы айтқанда, барлық қатысқан командалар саны – жетеу болды. Қарсыластың аты – қарсылас. Барлығыда іріктеліп-сұрыпталып келгендіктен, сайыс қыза түсіп, сонысымен де ерекше әрі тартысты болды. Мысалға, қатысқан командалар Павлодарлықтарды санамағанның өзінде Екібастұздық «Дарын KZ» командасының топ мүшелері ерекше ойын көрсетіп, жақсы дайындалып келіпті.

- Ал, өздеріңнің командаларыңның дайындық барысы қалай болды? Топтарыңның аты және оның мүшелері туралы айта отырсаң?

- Біздің топтың атынан 9 оқушы қатысты. Тобымыздың аты – «Бірлік» деп аталды. Дайындық барысына уақытымыз тапшы болды. Десек те, тамаша тартысты ойын көрсетіп, ұпай бойынша 2 орынға табан тіредік. Әзіл сайыстың ұйымдастырылуы бойынша жеңіске жеткен командаларға номинация бойынша марапаттаулар бұйырды. Яғни, бірінші немесе екінші орын сияқты жүлделер берілген жоқ.

- Топтың атын неге «Бірлік» деп атадыңдар, мұның сыры неде?

- Енді, бұның ауыз толтырып айтарлықтай сыры жоқ. Тек бірлігі жарасқан ел биік шыңды бағындырады демекші, «бірлік бар жерде тірлік бар» деп бірауыздан осы атты команданымыздың атауы ретінде қабылдадық.

- Рахмет, бүгінгі сұхбатымызға уақыт бөліп келегінің үшін. Алар асуларың мен бағындырар шыңдарың әзіл-сықақ айдынында көп болсын, келер күндері де бізді жеңістеріңмен қуанта берулеріне тілектеспін!

Сұхбаттасқан Айтпекова Дана
9-сынып оқушысы

"АЛТЫН КҰЗ"

*Көбейді құт-береке
Астық толы қоймамыз.
Құтты болсын мереке
Алтын күзді тойлаймыз!*

«Алтын күз»

Өткен аптада арайлаған алтын күздің сыйлаған құт-берекесін насихаттайтын мектеп оқушылары арасында «Алтын күз мерекесі» аталып өтті. Жалпы жыл сайын өткізілетін бұл сайыстың мақсаты – оқушылар арасында күз мерекесінің сыйы мен дастарханымыздың берекесі молшылықтың символы болып табылатын күзгі өнімдерді өзіндік түрлі идеяларымен ұштастырып көрсетуді көздейді.

Сайыс барысы – 1-4-сыныптар мен орта буын (5-7-сыныптар), жоғары сыныптар(8-11-сыныптар) арасында жеке-жеке өткізілді. Биылғы жылға оқушыларымыз ерекше дайындықпен келіп, өздерінің «Күзгі сыйлықтарын» балалық қиялымен тамаша ұштастырып, қай-қайсысы болмасын алдыңғы қатардан көрінуге барынша тырысып, жақсы дайындықпен келгенін көрсетті. Бұл кеште ән де шыркалып, би де биленіп, оқушылар өз



шығармашылық кырларын аша түсті.

Бірақ сайыстың міндеті – мыңнан, жүзден жүйрік тұлпарларды анықтайтындықтан, ерекше дайындалып, айрықша көзге түскен сыныптардың бірі – орта буын өкілдері арасынан 6 «А» сыныбының оқушылары мен жоғарғы сыныптар арасынан 9-сынып оқушылары «Бас жүлдені» жеңіп алды. 6 «А» сыныбының оқушылары сайыс барысын әр түрлі тапсырмалармен, шебер ұштастырып, ерекше дайындықтарымен оқушылар мен ұстаздардың назарына бөленді. Сонымен қатар ең үздік мультфильмдерді дыбыстаумен ерекше көзге түскен 8-сыныптың құрама командасы, өз өнерлерін бимен ерекшелендірген 9-сынып оқушылары болса, 10-сынып әсем әнмен көрермендерді таң қалдырды. Ал 11-сыныптың қыздары қазіргі үлгідегі сән үлгілері болып табылатын көйлектерімен тамсандырып, кеш барысын әсерлендіре түсті. Қалған сыныптардың қоржындары бос қайтпай, оларда түрлі номинация бойынша жүлделі орындарға ие болып, мақтау қағаздарымен марапатталды.

Айтпекова Дана
9-сынып оқушысы

«Белсенді жұмыс, жемісті еңбек ...»

Біздің 8-сынып оқушылары әр түрлі іс-шараларға белсенді қатысады. Биылғы оқу жылының бірінші тоқсанында да сыныбымыздың жетістіктері айтарлықтай. Атап айтқанда, денсаулық фестивалінде мектебіміздің 5-8 сынып оқушылары арасында өткізілген пионерболдан қыздар тобы 1 орынға ие болса, ал ұлдар мини-футболдан бас жүлдені



өанжығамызға байладық. Дәл сол күні қалалық велосипед жарысынан Жұмағұл Әділжан бас жүлдені ұтып алды.

Мектебімізде дебат сайыстары өткізіліп тұрады. Осы орайда «Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейту қажет» резолюциясы бойынша мектепішілік 8-9 сынып арасында пікірталас өткізілді. Осы ойынға қаламыздың қазақ тілі қоғамының жетекшісі - Қайырханова Гүлнәр Мәдиқызы, қалалық «Ақжол» газетінің тілшісі Ақбота Сейсенбаева сынды қонақтар келді. Ойында сыныбымыздың «Қайсар» командасы жеңіп шықты. Команда мүшелері: бірінші спикер - Каиржанова Адия, екінші спикер - Қабылда Әлібек, үшінші спикер - Хаиргелдинов Асқар. Каиржанова Адия үздік спикер атанды.

Сонымен қатар математикадан жасөспірімдер арасында облыстық олимпиада өткізілді. Облыс бойынша осы олимпиаданың бірінші кезеңіне берілген жаттығу тапсырмаларын 180 оқушы орындап, «Ертіс дарыны» орталығына тапсырған. Соның ішінен 58 оқушы ғана іріктеу турынан өтті. Біздің сыныптан Қабылда Әлібек, Әсет Е. (мұғалімі Алькеева З.Б.), Исаева А. (мұғалімі Давлятчина С.В.). Олар екінші кезеңнің бірінші бөліміне қатысты. Ал Қабылда Әлібек осы олимпиаданың 3 орын иегері болды. 14 қазанда өткен 8-11 сыныптар арасындағы мектепішілік «Алтын күз» мерекесіне 8-сынып оқушылары тиянақты дайындықтарын көрсетіп, «Ең тапқыр» номинациясын жеңіп алды.

Қазақстан интернет олимпиадасы басталғаны бәріне мәлім. Осы олимпиадаға тарих пәнінен сынып бойынша 15 бала қатысты. Барлығы 40 ұпайдан Джамалбаева Азалия 39 ұпай алса, Исаева Амина 37 ұпай, Маденов Аян 36 ұпай, Әсенов Сұлтан мен Адра Күлән 35 ұпайдан жинады (мұғалімі Ибраева Б.Ш). Екі айға толмайтын уақыт ішінде жеткен оқушылардың осындай толағай табыстарына шын жүректен қуаныштымыз. Сыныптастарыма әрқашан биіктерден көріне беріңдер, денсаулықтары мықты болсын деген ақ тілегімді білдіремін.

Осы орайда, жақсы бастамаларға жетелеп, нәтижеге ұмтылдырған ұстаздарымызға да мың алғыс айтамыз! Жанұяларында жақсылық болып, еңбектеріңіз табысты болсын!

Мұқышев Жансерік
Гимназия, 8-сынып оқушысы



«Біздің сынып»



Біздің сыныбымызда барлығы он тоғыз оқушы бар. Сынып оқушылары қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады, әрі жұмыстарын өте тиянақты орындайды. Айтқан нәрсені тез ұғып алатын ұғымтал, бет-әлпеттері әп-әдемі және киген киімдері де өздеріне сай. Достыққа адал, жолдастарына беделді, алған нәрселерін әрқашан қайтара біледі. Қайырымды, мұғалімдерін сыйлайды, құрметтейді. Белсенді, бұған дәлел - әр түрлі жарыстарға қатысып, мақтау қағаздарын ұтып алғандары. Ата-аналарын жақсы көретін, олардың бетке ұстар мақтанышы, әрі қарай үлкен жетістікке жететін болашақ патриоттар. Міне, менің сыныбымның оқушылары осындай! Мақтанышпен айтуға тұрарлық!

Турапекова Айым
7 «а» сыныбының оқушысы

Оқырман ойы – көкейкесті мәселе

«Қазақша сөйлеу «не в тему» ма?»



Рас, қазіргі кезде үлкен қиындыққа айналып отырған жағдай – тіл мәселесі. Сол тіліміз намысы бар қазақтың ішкі жан-дүниесін жегідей жейді. Тілі болмаса, жай мемлекет болғанның керегі не?

Қазіргі кезде елу елдің қатарына қосыламыз деп шарқұрып жатырмыз, ал тіліміз қайда қалмақ? Тілдің өшкені мемлекеттің жойылғаны емес пе? Тіл жанашыры Мұқтар Шаханов ағамыз бір сөзінде: «Біз қазіргі таңда елу дамыған мемлекеттің қатарына қосыламыз деп барымызды салып жүрміз. Иә, дамыған экономикасы мен инновациялық жетілу үстіндегі мемлекеттердің қатарына қосылу дұрыс-ақ, бірақ сол мемлекеттердің елуін басып озып бірінші орында тұрсақ та, өз тілімізді, бабалар рухы аманат

еткен «ана тілімізде» сөйлеп, оны құрмет етпесек, сол дамыған елдердің қатарына кіруімізден еш пайда жоқ», - деген еді. Шынында да, қанша есе дамып, өркениетті елдердің қатарына қосылсақ та, тіліміз кенже қалып дамымағаны әрине, орны толмас өкініш болмақ. Ендеше тіліміз қай уақытта дамиды? Меніңше, бұл сауалдың жауабын тілін сыйламайтын өскелең ұрпақтан сұрау керек? Ал біздің сеніп жүрген жастарымыз қазақ тілін ұмытып, орысша сөйлеп жүрсе, не демекпіз? Өзіміздің қазақтар қазақ тілін білмегенде басқа ұлтқа қазақ тілін үйрен деп қалай айтпақпыз? Ең болмаса, қазақ мектебінде оқитын оқушыларымыз таза қазақша сөйлесе жарар еді, бірақ амал не? Олардың «Ну и что?», «Не за что?», «Тема», «Не в тему» деген сөзінен басқаны естімейміз.

«Қазақ мектебінде оқитын оқушылар неге орыс тілінде сөйлейді?»-деген сұраққа «Дарын» мектебінің оқушыларының бірі былай деді: -«Енді, қазіргі жастар орыс тілін «мода» деп санайды. Олардың саналарында осындай ой қалыптасқан. Шынында, өзімде орыс тіліндегі сөздерді көп қосамын, алайда таза қазақ тілінде сөйлеуге тырысамын. Сонымен қатар мектептегі ұстаздарымызда қазақ тілінде сабақ бере тұра, сабақтың тең жартысынан астамын орыс тіліндегі сөздермен қосып үйрететіні, жасырын емес қой?».

Ал, біздің қаламыздағы қазақ мектептерінің бірі № 1 мектепте оқитын бір досым: «Қазіргі кезде барлық қазақтар таза қазақша сөйлемейді. Біреу саған орысша сөйлеп тұрса, оған қазақша жауап берсең «ауылбай, не в темщик» деп ойлап қалады. Шынын айтқанда өз басым орыс тілін ұнатпаймын, бірақ орыс тілінде сөйлеуге тура келеді».

Бұл балалық ой ма, әлде шын айтылған сөз бе, оны уақытшешеді.

Кеше автобуста келе жатып, мынадай оқиғаның куәсі болдым: Бір қазақтың қара торы қызы орыс тілінде сайрап тұр. Оны көрген үлкен кісі «Қарағым-ау, өз тілімізді өзіміз таптағанымыз дұрыс болмас, қазақша сөйле!»-деді. Оған көңіл бөліп тұрған қыз жоқ. Ал оны естіген жасы шамамен қырықтарға жуық бір қазақ әйелі «әр заманның баласы әр түрлі, олар өз тілінде сөйлей берсін, неңіз бар?»-дейді.

Сонда қыздарымызды тәртіпке салар аналардың өзі осылай деп жатса, басқасы не демейді? Осындай оқиғаны көріп ішім қынжылды ...

«Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте»-демекші, бұл да дұрыс шығар. Алайда басқа тілді де өз орнымен сөйлеген дұрыс қой. Әлгі «модадағы» сөздер емес, орнына, басқа тілде болсын, мәдениетті сөздерді сөйлесе жарар еді.

Белгісіз есім

□ дебиет жа□ алы□ тары

"Балауса бал□ын жырлар"



Альдекенова Айнұр
6 «Ә» сыныбының
оқушысы

Еңлік ұстазым!

Жамандығымды жасырып,
Жақсылығымды асырып.
Жүреді менің ұстазым,
Келеді оған ұқсағым.
Оқы, үйрен, білім ал деп,
Мәпелеп бағып қағады.
Ақылды да салмақты,
Еңлік апай ардақты!

Арынова Тоғжан
6 «А» сыныбының оқушысы
Қарлығаш Мұхтарқызына!

Бала шағын ұғатын,
Қарлығаш Мұхтарқызы
мұғалім.
Жақсылықты жаныма,
Жиып берген ұстазым.
Қуат алып сөзіңнен,
Мен биікке талпынам.
Нұр төгілген көзіңнен,
Жан сырымды ұғатын
Өзіңе арнап ағытқан
Сырым осы мұғалім.
Жарып шыққан жүректен,
Жырым осы мұғалім.
Табысыма шаттанып.
Шын қуанған мұғалім.



«Кілі Міт»

«... Ойлаңдар достар! «Өнерде» жарыс болмайды!
Өресі жетіп, күндестік қылған оңбайды.
Өнерің жетіп, өсе алмасаң, сол қайғы.
Күнде таласқан
Өмірің өнер болмайды!!!»
М.Мақатаев

Тельжанов Жасұзақ
2 «Ә» сыныбының оқушысы

«Жақсылық пен жамандық»

Жақсы мен жаманды әр адам айыра білуі керек. Жақсы болу, жақсы іс жасау үлкен мақтаныш! Жақсы іс ол әрқашан да адамды өмірге үйретеді, ал жаман іс ол адамды бұзады. Жаманшылық жасасаң сен түрмеге отырасың, өміріңді бұзасың. Жақсы іске-қамқор болу, ешкімді ренжітпеу, адал болу жатады. Жаман іске – ұрлық жасау, ренжіту жатады.

Менің жақсы да, жаман да жақтарым бар. Жақсы істерім отбасыма көмектесемін, сабақты жақсы оқимын, ал жаман қасиетім-жалқауым. Бірақ, оны түзетуге тырысамын. Жақсы болу, жаманнан жирену-адамның ең басты міндеті. Адам әрқашан жақсылық жасауы керек!

Рахимжанова Рамиля
3 «Ә» сыныбының оқушысы

«Ұстазым менің, ұстазым!»

Менің атым-Рамиля. Мен 3 «Ә» сыныбында оқимын. Қолыма алғаш әліппе ұстатқан – Аубакирова Ақмарал Имантахулқызы. Менің ұстазым - әдемі, еңбекқор, өз ісінің маманы. Біз түсінбей қалғанда, ұстазым қайта түсіндіріп, білімімізді толықтырады. Ұстаз – біздің екінші анамыз. Ол да бізге өз білімін, тәрбиесін береді. Мен өз ұстазымды қатты жақсы көремін және құрметтеймін. Оның бізге жасаған қамқорлығын ескеріп, үнемі оны түсініп, айтқанын орындауға тырысамыз. Сүйікті ұстазымызға зор денсаулық, бақытты өмір тілеймін.

«Ана тілім-ардағым»

Қазақтың әдеби тілі, басқа халықтардың әдеби тілі сияқты, мәдениеттілікке бастаушы қуатты құрал. «Ана тілді ардақтап, мәпелеп, тәрбиелеп өсіру керек. Ана тілімізге немқұрайлық танытып, қалай болса солай қараушылық - барып тұрған мәдениетсіздіктің белгісі» деп айтқан Сәрсен Аманжоловтың сөзіне қосыламын. Себебі, менің ана тілім - ана сүтімен дарыған тіл. Ана тілін қадірлеп, құрметтеу керек. Менің ана тілімде айтқан ең алғашқы сөзім - «Ана».

Қазақтың әдеби тілі жасалу жағынан да, қалыптасу жағынан да көп кезеңді басынан өткізді. Ана тілі – бүкіл қазақ халқының мұрасы. Сондықтан адамдар ана тілін ардақтаса, ана тілі арқылы адамдар бір-бірімен қатынас жасап, ойын жеткізіп, пікір алыса алады. «Тіл - әр ұлттың ең ұлы анасы» деген қанданы есте сақтағанымыз абзал.

Жакенова Дария
6 «Ә» сыныбының оқушысы

Менің ұстазым»

Ұстаз деген күші мол, қуатты, өте ардақты, ақылды, абзал жан. Оны бәрі жақсы біледі. Өзінің бойындағы білімін, нәрін бізге төгіп, болашаққа жетелейді. Ұстаз білім берумен ғана емес, тәрбие жағына да өз үлесін қосады. Өйткені мен анамнан қандай тәрбие алсам, ұстазымнан да сондай тәрбие алам десем еш қателеспеймін. Ол бізге мейіріммен қарап, жақсы – жаманды айыра білуге көп көмегін тигізіп келеді. Сондықтан мен оны екінші анам деп есептеймін. Мен барлық ұстаздарды құрметтеп, оларға бас иіп, шексіз алғысымды білдіремін. Қазір 6-сыныпта оқимын. Сынып жетекшісінің аты-Ғазиз Еңлік Ғазизқызы. Қазіргі кезге дейін біздің сынып ең үлгілі, тәртіп сақтайтын сынып ретінде танылуда. Оның бәрі Еңлік мұғалімнің арқасы. Ол әрдайым біз үшін уайымдап, жүгіріп жүреді. Сондықтан да біз мақтаулысыныптардың қатарына жатамыз. Еңлік мұғалім бізге әдебиет пен қазақ тілі пәнінен береді. Сабақты түсіндіргені барлығымызға да ұнайды. Сабақты қызықты етіп өткізеді. Біз түрлі сайыстарға қатысып, мектептегі концерттерге де қатысамыз. Алдынала мұғалімімізбен ақылдасып, жоспар құрамыз. Мен ұстаздарымның үмітін ақтап, сенімін жоғалтпаймын, білімді де білікті маман болсам деймін. Әрине, қазірден бастап менің болашағым ұстазымның қолында. Мені оқытатын, тәрбиелейтін де ұстазым. Мен өз ұстазыма шексіз ризамын!

Альдекенова Айнұр
6 «Ә» сыныбының оқушысы

«Ер жігіт елі үшін туады»

Балалар анасынан туғанда «ер» болып туа алмайды. Ол ата-анасының тәрбиесіне қатысты. Егер олар оны нақты тәрбиелеп, адамгершілікке үйретсе, сонда ғана «ер» бала бола алады. Ерлер тек қана өзін емес, өзінің отбасын, туыс-туғандарын, өз халқын қорғайды. Мысалы: Бауырдан Момышұлы, Мәншүк Маметова өз елі үшін өмірін қиған. Өйткені, оларда туған жеріне деген сүйіспеншілік бар. Басқаша айтсақ, Отанды қорғау әр азаматтың міндеті. Сондықтан да «Туады ерлер ел үшін» деп бекер айтылмаған.

Теміржанов Әлдияр 6 «Ә» сыныбының оқушысы

Мағзұмова Айгерім
5 «а» сыныбының оқушысы

«Менің қолыма ғажайып сиқырлы таяқ түссе ... »

Менің қолыма ғажайып сыйқырлы таяқ түссе, мен алдымен Отан тыныштығын қалар едім. Сол сияқты өзіме жақын туыс-туғандарымның денсаулығы жақсы болғанын, кейбір адамдардың әлемдегі жасаған әділетсіздігінің жақсылыққа ауысқанына, көңілдерін кір шалмай, ақ болуына септігімді тигізіп, соған үлес қосып, көмек берер едім. Кедей адамдардың бай қуатты болғанын, жаман адамдардан жақсы адамға айналғанын қалар едім. Сонымен қатар Қазақстан елінің дамып, ауасының таза болғанын тілер едім. Балалар үйінде тұрған балалардың ата-аналары табылып, барлығы тату-тәтті өмір сүргенін, Ұлы Отан соғысында болған қарттарға ұзақ өмір мен бақыт сыйлап, мүгедек балалардың денсаулығы жақсарғанын қалап, таяғыммен бір сілтегенде менің тілектерім орындалса, мен әлемдегі ең бақытты адам болар едім.

Мажинова Эльмира
6 «Ә» сыныбының оқушысы

«Ана тілің – арың бұл»

Тіл дегеніміз – адам ойын, пікірін жеткізетін басты құрал. Менің ана тілім – қазақ тілі. Ол – мен үшін өте қадірлі, құрметті.

«Тіл – әр ұлттың ең ұлы анасы» деп Мұқтар Шахановтың айтқан сөзіне қосыламын. Әр адам баласының өз тілі бар. Мен өз тілімді сүйемін. Күнделікті сөйлеп жүрген тілім – қазақ тілі болғандықтан, оны басқа тілмен айтып, тіл қадірін кетіріп шұбарламаймын.

«Тіл – жүйріктен де озады»деп те бекер айтылмаған. Себебі, тіліңді қалай жақсы көрсең, оны жете түсінсең – өзіңнің шешендігіңді және ақылдылығыңды, парасатты, дүниетанымың жоғары адам екеніңді көрсетесің.

Өз тіліңде жақсы сөйлесең, басқа тілдерді де тез игеріп кетуге болады.

Хамитов Ілияс
6 «А» сыныбының оқушысы

«Ер жігіт елі үшін туады»

1941-1945 жылдапы арасындағы болған Ұлы Отан соғысының жауға қарсы шайқасып, ұпрак болашағын фашизмнің шыпмауынан қорғап қалған жауынгерлер саны жыл сайын азайып бара жатса да, олардың қиындықты жеңе білген өміп жолы, неміс басқыншыларының алпауыт соғыс машинасын тас-талқан еткен ерлігі, біз үшін мәңгі өнеге үлгі болмақ.

Ұлы Отан соғысы – тек Кеңес халқы үшін ғана емес, бүкіл азаматты фашисттік тепкіден құтқарды. Осы соғыста да біздің батыр бабаларымыз “ Қазақ ” деген халықтың қайсарлығын дәлелдеп берді. Оған аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы, Рейхстагқа тұңғыш жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаев, Мәншүк пен Әлия есімді аға-апайларымыздың ерлігі дәлел.

“Ер өлсе де, аты өлмейді” деп осы жөнінде айтылған.

Манат Розагүл
7 «А» сыныбының оқушысы

«Белсенді оқушы»

Менің ең жақын досым әрі сыныптағы қайырымды жандандардың бірі-Дильнара. Дильнара әрдайым үй жұмысын тиянақты орындап өзінің алғырлығын көрсетеді. Осы үшін мұғалімдер оны жақсы көреді.

Бір күні мен онымен бірге қоғамдық жұмысқа дайындалу үшін оның үйіне бардым. Бөлмесіне кірсем, бөлменің іші мұнтаздай тап-таза әрі әп-әдемі еді,осыған мен таңқалдым. Біз қоғамдық жұмысқа дайындалу үшін көп жұмыс істеп, тер төктік. Міне, мейрам кездері жақындай бастады. Жұмысымызды қорғағаннан кейін «белсенді оқушы» деп атанып,мақтау қағазын алдық. Сол кезде менің кеудемде мақтаныш сезімі ұялады. Ал Дильнараның ата –анасы осыған қуанған еді. Сол үшін менің оған деген ризашылығым шексіз.

Аманжолова Камила
6 «А» сыныбының оқушысы


«Ана тілі -ардағым»

Қазақ тілі –қазақ халқының ана тілі. Тілдің ең негізгі, яғни бірінші қызметі – адамдардың бір-бірімен сөйлесу, бір нәрсе жайында пікір алысу үшін қызмет етуі. Екінші қызметі – адамдардың қоршаған орта жөніндегі өз ойларын тіл арқылы жеткізуі. Үшінші қызметі – адам өзінің бір нәрсе туралы көзқарасын күйініші мен сүйінішін, жақсы көру, жек көру сезімдерін тіл арқылы білдіруі.

Ана тілі – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылса, сөйлеуде де сондай қиын күйге түсер еді.

«Ана тілім – ардағым,
Ғасырлар бойы қорғаным.
Баз дүниеге паш ету,
Көсегесін кеңейту.
Ойымдағы арманым»,-

деп қазақ халқы бекер айтпаған. Жазумен дүниенің бір шетінен екінші шетіндегі адаммен сөйлесе алады. Сондықтан да сөйлей білу қандай керек болса, жаза да білудің керектігі одан да артық. Ана тілімізді құрметпен қастерлеп өтуі керек деп ойлаймын.



"Суреттер де сөйлей біледі!"



Аршабаева Айша, 6 «Ә»



сынып оқушысы

Аршабаева Айша, 6 «Ә» сынып оқушысы



Абылгазина Жанна, 6 «Ә» сынып оқушысы



Абылгазина Жанна, 6 «Ә» сынып оқушысы

Спорт жаңалықтары

«Мектебімізде облыстық шахмат турнирі өтті»

29 қазанда мектебімізде «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» қарсаңына орай облыстық деңгейдегі шахмат турнирі өткізілді. Сайысқа барлығы Павлодар және Ақсу қаласы мен ауылдық аймақтан 9 команда қатысты.

Павлодар қаласынан № 35, №25, № 19

«Жарыс жоғарғы деңгейде өтуде. Балалардың дайындығы ерекше екені айқын көрініп тұр, осындай дарынды оқушылар еліміздің туын тек биіктен желбірте берсін!».

Аймақтық дене тәрбиесінің әдіскері – Матаев Серік



«Шахмат ойындары - адамның ойлау қабілетін жоғарылатып, ой-өрісін кеңейтеді. Сол себепті мен осы турнирге қатысып отырмын».

Павлодар қаласы, № 25 мектеп оқушысы
Жаңатұрмысов С.

«Сайыс маған өте ұнады. Барлық командалар өздерінің деңгейін жоғары көрсетуде».

Павлодар қаласы, № 19 мектеп оқушысы Хасенов Д.

және қаламыздағы № 1, № 2, № 4, № 8 мектеп оқушыларымен ауылдық елді мекеннен «Үштерек орта мектебінің» оқушылары және біздің мектептің сайып қырандары бақ сынасты.

Шахмат турнирінің ашылу салтанаты гимназия директоры - Сламбекова Рымкеш Хамитқызының құттықтау сөзі мен Аймақтық дене тәрбиесінің әдіскері – Матаев Серік ағамыздың келген сайыскерлерге сәттілік тілеген сөзімен ашылды.

Турнир қорытындысыбойынша № 19 мектеп оқушылары жеңіске жетіп, I орынды қанжығасына байлады. Ал мектебіміздің атынан қатысқан сайыскерлеріміз де жеңісті қолдан жібермей II орынды, ал III орынды № 8 мектептің оқушылары жеңіп алды.

Гимназиямыздың атын қорғап шыққан 10-сынып оқушылары Мұхитов Қасымхан – I орынды, Катенбаев Арсен II орынды қанағат тұтса, келесі қыздар арасындағы тартысты ойында 7-сынып оқушысы Қабылбекова Айым III орынға ие болды. Мектеп оқушыларын жүлделі жетістіктерімен құттықтаймыз!

Лайықов Бауыржан
9-сынып

«Денсаулық фестивалі -2011»

Өткен айда мектебімізде 10 қыркүйек денсаулық күніне орай «Денсаулықфестивалі -2011» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Әр сынып жетекшілері – «Денсаулық – зор байлық» тақырыптарында арнайы сынып сағаттарын өткізді. Бұл шара тек біздің мектеп деңгейінде, ғана аталып қоймай, сонымен қатар қалалық деңгейдегі іс-шаралармен байланыстырыла өткізілді.

Мектеп оқушылары 5-7-сынып оқушылары қыздар арасындағы пионербол және осы жастағы ұлдар арасындағы мини-футбол мен дойбы, нысанаға оқ ату, ал мұғалімдер мен жоғары сынып оқушылары арасындағы волейбол ойындарымен жалғасын тапты. Сондай-ақ, қалған оқушылар қалалық деңгейдегі скейт, веложарыс сияқты спорттық сайыстарға қатысып қайтты. Бұндағы сайыстардан 9-сынып оқушысы Ғабдуллин Б мен 8-сынып оқушысы Жұмағұл Ә, 5 «а» сыныбынан Гомарова М I орындарды жеңіп алды.

Жалпы бұл фестиваль аясындағы барлық іс-шараларға мектеп оқушылары мен мұғалімдер белсенді түрде қатысып «Шынықсаң, шымыр боласың» ұстанымы - салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізі екеніне тағы бір мәрте куә болды.




Жансагимов Азамат
9-сынып оқушысы

"Ойнайы □ та, ойлайы □!"

Сөзжұмбақ



Құрметті, гимназия оқушылары - сіздердің назарларыңызға «Балауса» редакциясының арнайы дайындаған сөзжұмбақ ұсынылып отыр. «Ойнайық та, ойлайық!» айдарында беріліп отырған сөзжұмбақтың жауабын алғашқы шешкен үш оқушы редакциямыздың арнайы жүлделі сыйлығына ие болады. Сондықтан гимназия оқушылары барлығыңызды осы бәйге жарысына белесене қатысуға шақырамыз.



				Г															
				И															
				М															
				Н															
				А															
				З															
				И															
				Я															

СҰРАҚТАР

- 1) Қиялға толы сан қилы оқиға, әңгіме түрі?
- 2) А.Байтұрсынұновтың «балықшы мен балық»туындысын кімнен аударды?
- 3) Соғыс туындысының авторы?
- 4) Сәбит Мұқановтың өмір мектебі романының үзіндісін ата?
- 5) Ақкістанның балапаны қалай аталады?
- 6) Қазақстандағы дөңгелек көл?
- 7) Тұмау сөзін орыс тіліне аудар?
- 8) 1999 жылы Азиада қайда өтті?

Рамазанов Дархан
9-сынып оқушысы

Танымды

Қанатты сөздер

Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.

Ыбырай Алтынсарин

Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан болады.

Абай Құнанбаев

Мұғалімнің ұдайы жақсы оқитын балаларға ғана сүйсініп, ылғи соларды ғана оқытуы дұрыс емес.

Мұхтар Әуезов

Оқушы жастардың ең сенімді ұстазы, сыр жасырмай ашық айтатын адамы – мұғалім.

Ғабит Мүсірепов

Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді.

Мәлік Ғабдуллин

Данышпан да, дана да оқып сенен,
Атақ-даңқын асырды бар әлемнен.
«Ұстаз» деген аяулы, асыл жанды,
Жақсы көрем, арнаймын жақсы өлең!

Мәрия Хәкімжанова

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы.

Ғафу Қайырбеков

Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенді, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін.

Серке Қожамқұлов

Ой өрнектері

Өмір адамды тойғызған емес,
Құмарлығын өзіне қойғызған емес.

Уақыт-шалғы, адам-шөп,
Бәріміз оған куәміз,
Өмірдің заңы осылай: өлу үшін туғанбыз.

Өмір біркелкі болмайды,
Толқын бір жерде тұрмайды.

Табиғат пен адам, айтатыным саған,
Балам,
Үйрене бер солардан, болам десең-маман.

Адам өмірі жаратылыс
толқыныда қысқа екен.
Жерден ұшып, құлап түскен құсқа тең.

Табиғаттың бұл сырын кім біледі?
Таң атарда, таң қараңғысы түседі.

Табиғат өз ортаң ғой таң қалдырған,
Дұрыс қой үлес қосып, із қалдырсаң.

Әсемдікті жасауда ақылға сүйен,
Шеберлікті табиғаттың өзінен үйрен.

Ай мен Күнге, Күн мен Түнге,
Өзгеріс жасайтын күш жоқ бізде.

Көз арас

Қорқыт атам түс көрген,
Түсінен кейін жол жүрген.

Ашық аспан, таза ауа,
Таңнан жұтсаң, сол дауа.

Оралбек Қожанов.

Сен білесің бе?

1. Аққу баласы-көгілдір
2. Жылқы баласы-кұлын
3. Ешкі баласы-лак
4. Шошқа баласы-торай
5. Құндыз баласы-құнай
6. Марал баласы-қодыға
7. Қой баласы-қозы
8. Қасқыр баласы-бөлтiрiк
9. Түлкі баласы-мыршай
10. Сиыр баласы-бұзау
11. Ит баласы-күшік
12. Құс баласы-балапан
13. Бүркіт баласы-түлек
14. Аю баласы-қонжық
15. Тауық баласы-шөже
16. Киік баласы-құралай
17. Есек баласы-қодық
18. Түйе баласы-бота
19. Қоян баласы-көжек
20. Бұғы баласы-бұғышық
21. Өңгі-есек
22. Жолбарыс баласы - шөңжі

Бес өсиет

1. Топасқа сенбе
2. Жауға иілме
3. Әрқашан сақ жүр
4. Аш үйге қонба
5. Жарлыдан сый алма

Алты асқар

1. Ақыл
2. Білім
3. Жомарттық
4. Әділдік
5. Шыншылдық
6. Кеңпейіл

Үш ғажайып

1. Ажал ғайып
2. Қонақ ғайып
3. Несібе ғайып

Үш қасиет

1. Өліде - арқак
2. Майда – кие
3. Аста – кепиет

Төрт кітап

1. Тәурат – Мұсаның кітабы
2. Зәбүр – Дәуіттің кітабы
3. Інжіл – Исаның кітабы
4. Құран – Мұхамедтің кітабы

Лагатты лтты ымдар:

Төрт тұлға

1. От
2. Су
3. Жел
4. Жер

Бес жаратылыс


1. Күн
2. Ай
3. Жұлдыз
4. Күндіз
5. Түн

Үш арыс

1. Сәкен Сейфуллин
2. Бейімбет Майлин
3. Илияс Жансүгіров

Үш биік

1. Билік
2. Дәулет
3. Даналық



Қазақ балаларының ойындары

Соқыр теке

«Соқыр текенің» тікелей аудармасы соқыр ішек дегенді білдіреді. Соқыр теке ойыны мынадай. Балалар жиналып, бәрі жерге аяқтарын созып, қатарласып отырады, оның үстіне әрбір бала өзінің аяғын ысқылай бастайды, сөйтіп, бәрі де дауыспен: «уқала, уқала», яғни, «ысқыландар, ысқыландар!» деп қайталай береді. Содан соң, бәрі аяқтарымен ұшып түрегеледі, ұшып түрегелгенде кімнің тізе тамырлары сықырласа, соның көзін байлайды да, қалған балалар шашырай әр жаққа қашады. Көзі танылған бала жүгіріп жүргендерді қуып, ұстап алуға тырысады; мұның сәті түскен кезде, ол ұстап алған баланың атын атауға міндетті, егер тапса, ұсталған бала «соқыр текеге» айналады; ол баланың да көзін байлайды; ол да алғашқы баланың істегенін қайталап шығады.

Түйе-Түйе

"Балауса" газеті

«Тәуелсіз елдің – ақиық қырандары» тақырыбында мектепшілікең үздік шығармалар мен төл туындылар (өлең жазу) байқауын жариялайды.

Назар салыңыздар, жүлделі сыйлықтардан қапы қалмаңыздар!

(Байқауға жіберілетін туындылар желтоқсан айының 1-не дейін редакциямызда қабалданады. Байқау шарттары бойынша барлық сұрақтар әдебиет бөлімі жетекшілеріне жіберілісін.)

Құрметті оқушылар – «Балауса» радио-ақпараттық, орталығының мүшелері - өздерінің айшықты белгісі болып саналатын эмблема үлгісіне конкурс жариялайды.

Түйе-түйе - бұл түйе болып ойнайтын ойын. Бұл ойын былай болады. Балалар екі топқа бөлінеді, оның үстіне, бөлінген кезде балалардың шағын тобы бір жағында қалады. Осы соңғы топ басшысы аналық болатын түйелерді бейнелейді. Белгіленген сәтте бірінші топтың балалары бірін-бірі қуалай жүгіріп, түйелерді бейнелеп тұрған үшінші топты бұзады да, бір баланы ұстап алып: - «ботаны, яғни, түйенің баласын ұстап алдық», - деп қайталай береді. Осылайша жүгіру аналық түйеде тек бір бота қалғанша қайталана береді.

Осыдан соң балаларынан айырылған ене түйе қайғыға батып, көз жасын көлдете Жаратқанға жалбарынып, намаз оқиды. Осы кезді пайдаланып, балақайлар шешесінің соңғы ботасын да ұрлап кетеді. Намаз аяқталған соң, аналық түйе өз ботасының жоқ екенін байқаған соң, боздап, шеңберді айналып, жүгіре бастайды, ол жерде екінші топ оны да ұстап алады.

Бұдан соң бүкіл балалар бір шоғыр болып қосылады. Осы кезде оларға ойынға қатысушылардың бірі – қолына қу шыбықтар ұстаған бала келіп, ойнаушының әрқайсысының қасынан өте бере, оған не керек екенін сұрайды. Әрбір бала сұрақ қоюшыға өз талабын айтады. Біреу мылтық, енді біреу шапан, тағы біреуі таяқ, тағы біреуі – етік, - бір сөзбен айтқанда, әркім ойына не келсе, соны сұрайды, Сөйтіп, әлгі бала әркімнің талабын қанағаттандырып, әрқайсысына қу шыбықтан беріп: «Міне, саған былтық, міне саған шапан, етік», - дегендей және басқаларын айтып, қайталай береді. Осымен түйе болып ойнау аяқталады.

Көк сиыр

«Көк сиыр», яғни сұр сиыр болып ойнау былайша болады: балалар жиналып қатарласып отырады. Осы кезде сұр сиырды бейнелеуші бала оларға келіп:

-Мен бұзауымды жоғалтып алдым,- дейді.

-Оны ит жеп қойған, аулақ кет! Өйткені, сендер, сиырлар сүзесіндер,- деп жауап береді балалар.

-Ал сендердің түйелерің тапырандаған, аттарың тебеген келеді...

-Ағайындар, айтындаршы, мынау өзеннен қалай өтемін?- деп сұрайды сиыр.

-Қарғып өт!- деп кеңес береді балалар.

-Қиялдағы өзеннен қарғып өткен сиыр балаларға келеді.

-Мені киіндіретін қызым жоқ, менің тері қалта тігіп алатын бізім жоқ, маған анаусын да, мынауын да бер,- деп сұрайды сиыр.

Балалар бұзаудың қайда екенін білгенмен, бірақ сиырға үндемейді.

Сиыр осылай өз бұзауын таба алмай, кете береді. Оның соңынан балалар: «міне, сенің азықтарын», - деп, бөріктері мен шапандарын беріп, бұзауды жібереді. Бұзау үйге келгенде сиыр: «мен іздеген кезде сен қайда болдың?»-деп бұзауды өзінен қуып жібереді.

Бұзау ойнап жатқан балаларға келеді, оның соңынан сұр сиыр болып жүрген бала шауып келіп, барлық балалардың бастарын тырнай бастайды. Ойын осымен аяқталады.

Біздің шығармашылық топ мүшелері



"Балауса" ақпараттық, әдеби-танымды газеті

БАС РЕДАКТОР – Рахимжанова Рахила

Бас редактордың орынбасары – Рамазанов Дархан

Редакция алқасы:

Бөлім меңгерушісі – Садуов Еламан

Жауапты хатшы – Шаймерденова Әсия, Ибраева Сая

Дизайнер /фотограф/ - Арынов Диас

Тілшілер тобы:

Қоғамдық-әлеуметтік жаңалықтар бөлімі – Ахмекенова Қымбат

Мәдениет бөлімі – Айтпекова Дана

Әдебиет бөлімі – Сатпекова Әлемгүл

Спорт бөлімі – Әміров Асыл

Біздің мекен-жайымыз: Әуезов көшесі, 58., тел/факс: 5-06-25, 6-42-94. Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы

E-mail: aksu-gimnazia @ yandex. ru

Мектеп баспасөзі және радио-ақпараттық орталығының жетекшісі – Ғазиз Еңлік Ғазизқызы

Құрылтайшысы: Гимназия әкімшілігі